ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 21 қазан №1513-25-00-2/2353 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Е.Мукашеваның,
сот отырысының хатшысы А.С.Әбдуалиеваның қатысуымен,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Лира» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Г.Б.Урдакулова
жауапкер өкілі Б.К.Каримов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 5 маусымда «Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі -тапсырыс беруші) бірыңғай ұйымдастырушы ретінде мемлекеттік сатып алулар веб-порталында №14861294-1 «Ақтөбе қаласы Алматы ауданы аумағында апатты үйлерді бұзу» ашық конкурс тәсілімен, жалпы сомасы 264 695 321 теңгеге мемлекеттік сатып алуды жариялады.

Тапсырыс беруші «Ақтөбе қаласының «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

2025 жылғы 13 маусымындағы №14861294-ОК1 конкурсқа қатысу өтінімдерді ашу хаттамасына сәйкес конкурсқа қатысу үшін келесі 13 әлеуетті өнім берушілер өтінімдері ұсынылған: «Братья Амангалиевы» ЖШС, «Отес Актобе» ЖШС, «ZNS Group» ЖШС, «Серік бизнес құрылыс»ЖШС, «Garant Stroy-K» ЖШС, «ФАВОРИТ» өндірістік кооперативі, «Лира» ЖШС, «Есиль-2018» ЖШС, «ЖШС ТД Monolit 2030»

ЖШС, «Global Design Consulting» ЖШС, «Самир ЛТД» ЖШС, «DIM&AIS» ЖШС.

2025 жылғы 16 маусымдағы қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, «ФАВОРИТ» өндірістік кооперативі жеңімпаз деп танылған, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші – «Есиль-2018» ЖШС болды.

Конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес, өтінім берушіде еңбек ресурс ретінде: тракторшы-машинист біліктілігімен – 3 қызметкер болуы тиіс.

Әлеуетті өнім беруші «Лира» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өтініміндегі №11 қосымшасында еңбек ресурс болып табылатын, 3 тұлғаға қатысты тракторшы – машинист біліктілігін растайтын құжат ретінде куәлік көшірмелері тіркелген.

«ZNS Group» ЖШС-нің шағымына сәйкес, барлық әлеуетті өнім берушілрдің куәліктеріне қатысты шындыққа жанасатындығын растау туралы өтініш көрсеткен.

Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасымен, Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеренария басқармасына шығыс нөмірі №2-7/279 сұраныс хаты жолданған.

Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеренария басқармасының № 21-05-23/2187 шығыс хатымен берген ресми жауабына сәйкес, Унайбеков Алишер Мадиулы ЖСН 030901550307, Сулейменов Шахрух Саятович ЖСН 850505350454, Солтонов Мухит Мухаметбекович ЖСН 831119302326 барлық жеке тұлғаларға тракторист – машинист куәлігі берілмегені анықталған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, әлеуетті өнім беруші «Лира» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін конкурсқа қатысқан кезде шындыққа жанаспайтын ақпарат ұсынғандығын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Жауапкер өкілінен талап қоюға қарсы пікір түсіп, талап қоюшының айтуынша, «Лира» ЖШС конкурстық өтінім құрамында М.Солтонов, А.Ұнайбеков және Ш.Сүлейменов атындағы тракторшы-машинист куәліктері ұсынылған, және олар жалған деп танылған. Өз қарсы пікірінде «Лира» ЖШС жалған құжаттарды ұсынуға ешқандай ниеті болмағандығын, жалған құжаттар анықталғаннан кейін М.Солтонов, А.Ұнайбеков және Ш.Сүлейменов құқық қорғау органдарына жүгініп, Әбдиева Гүлнар Мұратбайқызын қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы арыз берген. Сонымен қатар, әрбір қызметкер өз жеке деректерінің шынайылығы мен өзектілігіне, сондай-ақ құжаттардың түпнұсқалығына жауапты екендігін көрсеткен.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 28.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 02.12.2025, судья Мұқашева С. Е., 04.12.2025
1513-25-3-1/3146

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024-жылғы 1-шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңның (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуда әлеуетті өнім берушіден шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарының болуын талап етуге тапсырыс берушінің құқығы белгіленген.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 3-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісін анықтаған органдар, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда белгіленген мерзімдерде сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 8-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Талап қоюшы талап қоюда жауапкердің конкурсқа қатысу барысында материалдық ресурстарына ие болуына қатысты біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынғанын көрсеткен.

Сот отырысында, куәгрелер Ш.Сүлейменов, М.Солтанов, А.Ұнайбеков өз таныстарына жүгініп, «Лира» ЖШС-не жұмысқа орналасу үшін тракторист-машинист куәлігін жасап беруді өтіншгендігін айтты.

Жауапкердің конкурсқа қатысқан кезде шындыққа жанаспайтын ақпаратты бергені үшін, атап айтқанда, ауыл шаруашылығы басқармасының ресми жауабына сәйкес 3 тұлға бойынша тракторист-машинист куәлігін беру туралы жазба уәкілетті органда тіркелмегендігі туралы уәждер келтіріп, әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға толық негіз бар деп санайды.

Осыған байланысты жалға алу шарты мен техникалық төлқұжат бойынша ұсынылған мәліметтер Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 3-бабы 1-тармағына сәйкес дұрыс емес ақпарат болып табылады.

Баяндалған мән-жайлар кезінде сот бұл жағдайда жауапкер тарапынан анық емес ақпарат беруге бағытталған іс-әрекеттер деп есептейді.

Жауапкер конкурсқа қатысу үшін берілген өтінімде көрсетілген мәліметтердің және оған қоса берілген құжаттардың дұрыстығына толық жауапкершілікті өз мойнына алған.

Заң шығарушы анық емес ақпарат беру фактісін мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілген немесе оның жеңімпаздары деп танылған әлеуетті өнім берушілермен ғана байланыстырмайды.

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 28.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2025, судья Мұқашева С. Е., 04.12.2025

Жауапкердің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беруінің өзі оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін жеткілікті негіз болып табылады.

Сот отырысы барысында жауапкердің конкурсқа қатысуға берілген өтінімде жалған мәліметтерді көрсеткендігі анық анықталды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, талаптарды қанағаттандыру үшін құқықтық негіздер бар екенін ескере отырып, талап қоюшы мәлімдеген негіздер бойынша талап қанағаттандыруған жатады деп есептейді.

Сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабына (әрі қарай–АПК) сай, сот шығындары өндірілуге жатады деп санайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Лира» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Лира» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджет пайдасына 1966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 28.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2025, судья Мұқашева С. Е., 04.12.2025